

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Ғабиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ



**Өрт қауіпсіздігі бойынша мектеп қызметкерлеріне
арналған нұсқаулық**

1. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары

1. Барлық жұмыскерлер жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткеннен кейін ғана жіберілуге тиіс, жұмыс спецификасы өзгерген жағдайда басшы белгілеген тәртіпте орын алуы мүмкін өрттің алдын алу мен сөндіру бойынша қосымша оқытудан өтуге тиіс.
2. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамадан жарты жылда бір реттен сиретпей өту керек.
3. Жұмыскерлер өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, сондай-ақ өртке қарсы режимді сақтауға және қолдауға тиіс.
4. Өрт бола қалған жағдайда өрт сөндіру күзетіне хабарлап, адамдарды, мүліктерді құтқару және өртті ауыздықтау бойынша қажетті шаралар қабылдау керек.
5. Білім беру ұйымының әр қызметкерінің бірінші кезектегі міндеті өрт кезінде оқушылардың өмірін құтқару болып табылады.
6. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған лауазымдық тұлғалар мен азаматтар ҚР заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.
7. Көшіру жолдары, шығу жолдары, дәліздер, тамбурлар мен сатылар қандай да бір заттармен және жабдықтармен қоршалмауға тиіс.
8. Баспалдақ алаңының, дәліздердің, тамбурлар мен холлдардың есіктерінің жақтаулары тығыз болуға және өздігінен жабылу құрылғысымен жабдықталуға әрі үнемі жарамды күйде болуға тиіс. Көшіру жолдарының барлық шығатын есіктері ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылуға тиіс және балалар ғимаратта болған кезеңде оларды тек қана жеңіл ашылатын ілмектердің көмегімен іштен жабу керек.
9. Білім беру ұйымында:
 - дәлізді баспалдақ алаңымен қосатын ойықтардағы есік бөліктерін алып тастауға;
 - желіге қосылған электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
 - ас әзірлеуге арналған электрлік су қайнатқыштарды, электр шайнектерді, оқу кабинеттерінде және балалар орналасқан басқада



«Бекітемін»
Директор: *Бекендірбе*

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже «Қарағанда облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Ғабиден Мұстафин атындағы ЖББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін әзірленді және жалпы білім беретін мектептің (бұдан әрі мектеп) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы функцияларын айқындайды, қызметкерлердің міндеттемелерін реттейді, сондай-ақ өз жұмыс орындарында тиісті өртке қарсы режимді құру жөніндегі олардың жұмысының тәртібін, нысанын және әдістерін айқындайды.
- 1.2. Ереже өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жақсарту, өрттен сақтандыру мақсатында енгізіледі және мектептің барлық қызметкерлері орындауға міндетті құжат болып табылады.
- 1.3. Мектепте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс «Өрт қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңына, «Азаматтық қорғаныс туралы» ҚР Заңына, Қазақстан республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі № 1480 Қаулысына, Мектеп жарғысына және осы ережеге сәйкес ұйымдастырылады.
- 1.4. Осы ереже жаңа ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

2. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

- 2.1. Мектепте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілік қолданыстағы заңнамаға сәйкес директорға жүктеледі.
- 2.2. Мектеп директоры:
 - Мектепте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға;
 - Өртке қарсы қызметтің лауазымдық тұлғалардың өкімдерін, қаулыларын және басқа да заң талаптарын орындауға;
 - Мектептің барлық объектілерінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;
 - Өртке қарсы үгіт насихат жүргізуге, сондай –ақ жұмыскерлерді өрт қауіпсіздігі шараларына оқытуға;
 - Еңбекті қорғау жөніндегі келісімге өрт қауіпсіздігі мәселелерін енгізуге;

- Өрт сөндірудің бастапқы құралдарын қоса алғанда, өртке қарсы қорғаныс жүйесі мен құралдарын ақаусыз күйде ұстауға, оларды мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге;
- Өрт сөндіру күзетіне өрт сөндіру кезінде оның туындау себептері мен жағдайларын анықтауға, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына және өрттің тұтынуына кінәлі тұлғаларды анықтау кезінде көмек көрсетуге.
- Өрт сөндіру қызметінің лауазымдық тұлғаларына олардың қызметтік міндеттемелерін жүзеге асыру барысында аумаққа, ғимаратқа және мектептің басқа да объектілеріне кіруге рұқсат беруді қамтасыз етуге;
- Өрт сөндіру қызметінің лауазымдық тұлғаларының талабы бойынша мекемедегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйі, сондай-ақ орын алған өрттер туралы мәліметтер мен құжаттарды көрсетуге.